

БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ АҚПАРТТЫҚ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ВЕБ-САЙТТЫ ӘЗІРЛЕУ

Мұхан Әсемай Ғаниқызы

aliza1979@mail.ru

«Ақпараттық жүйелер» білім бағдарламасының 3 курс студенті
Алматы Технологиялық Университеті, Алматы қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі– **Тұрғынбаева А.А.**

Білім беру орталықтарының ақпараттық жүйесінің негізгі мақсаты - оқушылардың білімін жетілдіруге көмектесу, мұғалімдерге оқу процесін ұйымдастыру мен жетекшілігін арттыру, және білім беру жұмыстарын ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жеткізу. Орталықтар ақпараттық жүйелерді жүзеге асырады, оқушылардың білімін бағалау және оқу жоспарларын жасауға көмектеседі. Олар жетілдіру, әрі оқушылар арасында қатынасу үшін мұғалімдерге қолдау көрсетеді.

Білім беру орталықтарының ақпараттық жүйесі, білім беру процесінде қажетті ақпаратты жинау, сақтау, әрі қолдануға арналған жүйе немесе программадан құрады. Бұл жүйе оқушылардың жетекшілігін жетілдіруге, мұғалімдерге, оқу жоспарлары мен бағалауларды жүзеге асыруға көмектеседі. Ақпараттық жүйелер ақпаратты сақтау, өңдеу, көрсету және анализде қолданылады. Олар курс материалдарын, оқушылардың жауаптарын және оқу жоспарларын сақтауға көмектеседі.

Қазіргі уақытта білім беруді ақпараттандыру бағдарламасы кең ауқымды сипат алды және білім берудің барлық саласына: кәсіптік мектептерге, колледжілерге, жоо-на, институттарға және кәсіптік кадрлардың біліктіліктерін арттыру курстарына тарады.

Ақпараттандырудың негізгі бағыттары:

- АҚТ-ды оқу процесіне енгізу бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
- компьютерлік техникамен қамтамасыз етушіліктің әлемдік көрсеткішіне жету үшін орта білім беру ұйымдарын одан әрі компьютерлендіру;
- орта білім беру ұйымдарын Ғаламтор желісіне қосу;
- білім берудің барлық деңгейлерінде арақашықтықтан оқыту технологияларын дайындау және енгізу;
- аймақтарда білімдік ақпараттық ресурстық орталықтарды және министрліктің білімдік порталын құру;
- білімдік бағдарламаларға сәйкес орта білім беру ұйымдарын электрондық оқулық басылымдармен жасақтау;
- мемлекеттік органдардың біртұтас көліктік ортасының базасында портал мен аймақтардың ресурстық орталықтарын біріктіру;
- мониторингтің (сараптаманың) ақпараттық жүйесін енгізу;
- білім беру ұйымдарын басқару және талдау.

Ақпараттық қатынастық технологияларды оқу процесіне енгізу және білім берудің жай-күйін сараптау мен талдаудың шек келтірмейтін мәліметтерінің негізінде басқарушылық шешімдерді қабылдау есебінен білім беру сапасының деңгейін арттыру.

Білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі Республиканың барлық аймақтарын қамтитын орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың маңызды кезеңдерінің бірі Білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесін (ББАЖ) енгізу мен жасау болып табылады.

ББАЖ – бұл білім беруді дамыту индикаторының және қазіргі заманғы мектеп оқушыларының даму көрсеткіштерінің барлық спектрі бойынша деректер қоры. ББАЖ – диагностикалау мен мониторингтің сенімді құралы. Білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі білім беру жүйесінің қызметкерлерінің ақпаратты өңдеу және жинау бойынша, ақпаратты жинау мерзімін қысқарту, басқару шешімдерін шығару мен талдауға арналған ақпараттың едәуір көлемін қамтамасыз ету, алдын ала қарастырылмаған жағдайларда жаңа талдау түрлерін жүргізу мүмкіндігі, ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету, мамандықтарын көтеру үшін білім қызметкерлерінің тәжірибемен алмасуы бойынша жұмыстарын автоматтандыру үшін арналған.

2002 жылы ББАЖ жобасының 1 фазасын жасау аяқталды, оның нәтижесінде ҚР Білім және ғылым министрлігі облыстық білім департаменттерінен 10 шағын жүйелер бойынша деректерді енгізу автоматтандырылды.

1. Мектепалды білім беру
2. Мектептегі білім беру
3. Кәсіптік білім беру
4. Кадрлармен қамтамасыз ету
5. Құжаттардың орындалуын бақылау
6. Растау және аттестациялау
7. Есеп берушілік
8. Қаржы
9. Оқулықпен қамтамасыз ету
10. Ақпараттандыру

Жоғарғы білім және жалпы орта білім деңгейінде білім беруді ұйымдастырудың мониторингі мен сараптамасының ақпараттандыру жүйесі (МСАЖ) «Электрондық үкіметтің» компонентерінің бірі.

Білім беру жүйесі бойынша мемлекеттік органдарға қажетті ақпаратпен мемлекеттік деректер қорын толықтыруды МСАЖ қамтамасыз етеді.

ББАЖ бастапқы ақпаратты жинауды автоматтандыруға, ҚР БҒМ-нің Орталық аппаратына бастапқы ақпаратты беруге, бастапқы ақпаратты алу негізінде талдау жүргізу мен статистикалық есеп беру генерациясына арналған. Жүйені жасау мақсаты бастапқы ақпаратты жинауды автоматтандыру, ҚР БҒМ-нің Орталық аппаратына бастапқы ақпаратты талдау жүйесін енгізу негізінде білім беру үрдісін тиімді басқаруды көтеру болып табылады [1,2].

Негізгі бөлім. Бағдарламалау тілдері оқушыларға білім беретін оқу орталықтарының ақпараттық жүйесін жасауға көмектеседі. Осы тілдерді пайдалану арқылы, оқушылар өздеріне ыңғайлы болатын, интерактивті байланыстарды, оқу материалдарын, тесттерді, оқу видеоларын және басқа мазмұндарды қолжетімді түрде ұсынуға болады. Осы кезде көптеген бағдарламалау тілдері пайдаланылады. Олардың бірнеше мысалдары:

HTML/CSS/JavaScript: Веб-дизайн және веб-дамыту үшін пайдаланылатын тілдер. HTML пайдаланушы интерфейсін құруға, CSS стилін қолданып интерфейсін дизайнға, JavaScript интерфейсін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Python: Оқу мазмұнын автоматтандыру үшін, мазмұнды жинау үшін және интерактивті бағдарламаларды жасау үшін қолданылады.

Java: Андроид бағдарламаларын жасау үшін пайдаланылады.

C++: Компьютерге қол жеткізуге арналған оқу деректерін жасау үшін қолданылады.

Swift: iOS бағдарламаларын жасау үшін пайдаланылады.

SQL: Мәліметтер базасы мен мәліметтерді сақтау үшін пайдаланылады.

Осы бағдарламалау тілдері арқылы оқу орталығының ақпараттық жүйесінің функционалдығын жетілдіру мүмкіндігі бар.

Білім беру орталықтарының ақпараттық жүйесі бойынша веб-сайтты әзірлеу үшін көптеген мұқият қадамдарды орындау керек. Білім беру орталықтарының ақпараттық жүйесінің мақсаты және функционалдығын анықтау, пайдаланушылардың қажеттіліктерін

бағдарламаны дайындау, мазмұнды белгілеу, интерфейсті дизайнға және көрсету барысында пайдаланушыларды талқылау және тесттер өткізу арқылы анықтау мүмкін. Бұл процестің барлығына қарай, веб-сайттың жетістіктерінің тиімділігі мен пайдаланушыларға қызмет көрсету мүмкіндігін арттыруға көмек көрсетеді.

Білім беру орталықтарының ақпараттық жүйесі бойынша веб-сайтты әзірлеу үшін ең басты қадамдарды белгілеу керек:


Мақсатты белгілеу: Орталықтың мақсатын анықтау. Мысалы, оқушыларға жаңа білім беру үрдісін кеңейту, оқу процесін жаңа технологиялар арқылы жеткізу, педагогтардың жұмысын қорытындылау, ата-аналардың балаға оқуын бақылау үшін кеңейту.

Пайдаланушылардың қажеттіліктерін бағдарламаны дайындау: Орталықты пайдаланатын адамдардың қажеттіліктерін белгілеу. Оларға ақпараттық қажеттіліктерді қолжетімді түрде жариялау, оқуларды қорғау және тесттерді орындау мүмкіндігін беру керек.

Мазмұн белгілеу: Орталықтағы мазмұнды белгілеу. Мысалы, пәндер бойынша видео-уроктар, тесттер, жауаптар және басқалар. Бұл мазмұн оқушылардың қажеттіліктерін сайт арқылы толық көрсету мүмкіндігін береді.

Интерфейсті дизайнға: Веб-сайттың өнімін, мәтіндерін, суреттерін және басқа элементтерін көрсету. Пайдаланушылардың сайтты пайдалануын қарапайым жасау үшін интерфейс көрсету өте маңызды [3].


Пайдаланушыларды талқылау және тесттер өткізу: Пайдаланушылардың сайт пайдалануы туралы ақпарат алу үшін онлайн кіру, анкеталарды толтыру және тесттер өткізу мүмкіндігін беру.



Сурет 1. Сайттың бастапқы беті.

Жас ерекшеліктер

Біз балабақшаларымыздың жұмысында үнемі бір нәрсені жақсартамыз, сондықтан балалар бізді ұнатады, ал ата-аналар баланы тәрбиелеуде нақты қолдауды сезінеді




Сурет 2. Білім беру орталығына қабылдау жас айырмашылықтары.

Интерьер

Бүкіл интерьер балалар интерьерінің ең жақсы дизайнерлерімен сүйсіненшілікпен жасалған. Балшықтар мен түс схемаларына ерекше назар аударылады. Біз балалардың өзімізді жайлы сезінуіне және дамуға дайын болуына тырыстық



Сурет 3. Орталықтағы балалардың білім алатын бөлмесі.



Топтардағы сабақтар

Сурет 4. Балалардың ой өрістерінің дамуына арналған жаттығу ойындары.

Топтардағы сабақтар

Кіші топ



Ортаңғы топ



Үлкен топ




Балаңызды топқа жазбас бұрын, сіз менеджермен және тәрбиешілермен сөйлесе аласыз. Экскурсияға жазылу немесе телефон арқылы кеңес алу үшін нөміріңізді кері байланыс түрінде қалдырыңыз

Кеңес беру

Пробел

Сурет 5. Жас айырмашылыққа байланысты сабаққа жазылу этапы.



Сурет 6. Білім алушылардың жастарына байланысты оқитын пәндері көрсетілген.

Төлем

Категория	Уақыты	Тамақтану	Төлем
Толық күн	с 7:00 — 19:00	5-рет	50 000 тенге/ай.
Таңертеңгі қатысу	с 7:00 — 12:30	3-рет	35000тенге/ай.
Кешкі қатысу	с 15:00 — 19:00	2-рет	25000тенге/ай.
Бір реттік қатысу	Жеке қатысу	жеке	бастап 5000тенге

Байланыс ақпараты

Бізге жазылу өте оңай! Ол үшін төмендегі Контактілерді пайдаланыңыз, келіп көрсеңіз мүлде басқа әсер аласыз,біз сізге бәрін анық көрсетіп, айтып береміз

☎ +7082983730 📍 г. Алматы, ул. Төле би ,100 ✉ akterekbilimberu@gmail.com

Сурет 7. Сабаққа қатысу уақытына арналған төлем.

Білім беру саласын толық зерттеу қазіргі кездегі білім алушыларға дұрыс бағдар беруге арналған веб қосымша әзірлеу болатын сол мақсат бойынша жұмыс әзірленді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. — Алматы: Юрист, 2008, 240 б.
- Роберт И.В. О понятийном аппарате информатизации образования // Информатика и образование. — 2016, №1, С. 2-6
- Абилхасимова А.Е. Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану // А.Е. Абилхасимова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2020, №14 (304), С.

292-295. URL: <https://moluch.ru/archive/304/68503/> (дата обращения: 06.02.2024)